

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің өкілдіктері туралы" ережені бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 17 мамырдағы N 14 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 қазанда тіркелді. Тіркеу N 416. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

7) "Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің өкілдіктері туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 17 мамырдағы N15 қаулысы (1997 жылғы 28 қазан N 416)....

Т ө р а ғ а

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің өкілдіктері туралы" ереже бекітілсін.

Төраға

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
И н в е с т и ц и я л а р	ж ө н і н д е г і
м е м л е к е т т і к	к о м и т е т і н і ң
1 9 9 7	ж ы л ғ ы 1 7
	с ә у і р д е г і

бекітілген

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің өкілдіктері туралы" ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі "Комитет") өкілдіктерінің қызметін реттейді.

Осы Ереже пайдаланылатын айқындамалар мен терминдер осы Заңдағы айқындамалар мен терминдерге сәйкес келеді.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Комитет өзіне жүктелген функцияларды тиімді орындау үшін аймақтық және шетелдік өкілдіктерін құрады.

Комитеттің өкілдіктері (бұдан әрі "өкілдіктер") заңды тұлғалар болып табылмайды және Комитеттің мүдделерін білдіретін және оның атынан іс-әрекеттер жасайтын оның оқшауланған бөлімшелері ретінде құрылады.

1.2. Аймақтық өкілдіктер өздерінің жұмысында Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын Халықаралық шарттарды "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы" Ережені және осы Ережені басшылыққа алады.

Шетелдік өкілдіктер жоғарыда санамаланғанға қоса сондай-ақ өздері аумағында тұратын мемлекеттердің заңдарын сақтайды.

II. ӨКІЛДІКТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Аймақтық өкілдіктердің міндеттері:

- Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының келісім-шарттарды әзірлеу және жүзеге асыруға байланысты мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру;

- аймақтың инвестициялауға мұқтаж объектілері туралы ақпаратты жинау және жүйелеу;

- әуелетті инвесторларды аймақтың инвестициялық қажет етулерімен таныстыруға жағдай жасайтын шараларды, оның ішінде беташар рәсімдерін, конференцияларды, көрмелер мен сипозиумдарды ұйымдастыру мен өткізу;

- әуелетті инвесторларға, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдары, комитеттің нормативтік құжаттары мен инвестициялық қызметке қатысты басқа да қызықтыратын мәселелер бойынша консультациялар беру жолымен Қазақстан Республикасының экономикасына тікелей отандық инвестицияларды тарту болып табылады.

2.2. Шетелдік өкілдіктерінің міндеттері:

- Қазақстан Республикасының экономикасы мен оның инвестициялық қажет етулері туралы ақпараттық материалдарды әзірлеу және тарту;

- Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық миссияларымен келісім-шарттарды әзірлеу мен жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша өз ара і с - қ и м ы л ж а с а у ;

- шетел мемлекеттерінің өкімет органдарымен, халықаралық ұйымдармен, заңды және жеке тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау;

- әуелетті инвесторларды Қазақстанмен және оның инвестициялық қажет етулерімен таныстыруға жағдай жасайтын шараларды, оның ішінде беташар рәсімдерін, конференцияларды, көрмелер мен симпозиумдарды ұйымдастыру м е н ө т к і з у ;

- шет елдердің инвестицияларды тарту және мемлекеттік қолдау саласында тәжірибесін зерделеу мен талдау;

- әуелетті инвесторларға Қазақстан Республикасының заңдары мен Комитеттің нормативтік құжаттары бойынша, сондай-ақ инвестициялық қызметке қатысты басқа да қызықтыратын мәселелер бойынша консультациялар беру жолымен Қазақстан Республикасының экономикасына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту болып табылады.

III. ӨКІЛДІКТЕРДІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

3.1. Аймақтық өкілдіктер Қазақстан Республикасының экономикасына тікелей отандық инвестицияларды тарту мақсатында Комитеттің атынан жергілікті атқарушы органдармен, заңды және жеке тұлғалармен өзара іс-қимыл ж а с а у ғ а ө к і л е т т і .

3.2. Шетелдік өкілдіктер Қазақстан Республикасының экономикасына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында Комитеттің атынан Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық миссияларымен, шетел мемлекетінің өкімет органдарымен, халықаралық ұйымдармен, заңды және жеке тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауға өкілетті.

IV. ӨКІЛДІКТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Аймақтық өкілдіктерді ашу үшін:

- Комитеттің өкілдікті ашу туралы қаулысы;
- осы Ереже заңдық негіз болып табылады.

4.2. Шетелдегі өкілдіктер үшін осы Ереженің 4.1-тармағының талаптарына қ о с ы м ш а :

- Қазақстан Республикасы мен өздері болатын елдің арасында халықаралық шарттың (келісім) немесе Комитет пен өздері болатын елдің тиісті органдарының арасындағы екі тарапты (көп тарапты) келісімнің қорытындысы;

- өздері болатын елдің заңдарына сәйкес шетелдік өкілдіктің тіркелуі және тіркелуге қабылдануы қажет.

4.3. Комитет өкілдіктерге олардың қызметіне қажетті мүлік береді.

4.4. Өкілдіктердің қызметіне өкілдіктердің басшылары (өкілдері) басшылық жасайды, олар лауазымдары бойынша Комитеттің бас инженері болып табылады және Комитеттің қаулысымен бекітіледі.

4.5. Шетелдік өкілдіктердің басшылары өздерінің өкілеттіктері бойынша өздері тұрған елдегі Қазақстан Республикасы елшілігінің кеңесшісіне теңестіріледі және оларға халықаралық шартқа немесе негізінде шетелдік өкілдік құрылған келісімге сәйкес артықшылықтар мен иммунитет беріледі.

4.6. Өкілдіктердің басшылары өз қызметін сенімхаттың негізінде жүзеге асырады және Комитет бекіткен лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

4.7. Өкілдіктердің басшылары өздерінің міндеттерін орындауы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дербес жауаптылықта болады.

4.8. Өкілдіктер қызметкерлерінің санын, құрылымы мен еңбегіне ақы төлеу шарттарын Комитет Төрағасы бекітеді.

V. ӨКІЛДІКТЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Өкілдіктердің Комитет берген өкілеттіктердің шегінде жасайтын іс-әрекеттері , оның ішінде азаматтық-құқықтық мәмілелері Комитет үшін құқықтар мен міндеттерді құрады, оларды өзгертеді және тоқтатады.